

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің "Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 461 қаулысы

Астананың ақпараттық, білім беру, мәдени-ағарту инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің "Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне көзделетін қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі